ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025жылғы17 қыркүйек №5265-25-00-2/2391 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Қ.Сатыбалдиева
Н.Сламбаев хатшылығында
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша біріктірілген азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Манғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Ақтау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «МиА» атынан Асия Темирбековна Амандаулетова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.Д.Кабулова
Жауапкер А.Т.Амандаулетова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 5 қаңтарда Манғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Ақтау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (Тапсырыс беруші) мен Дара кәсіпкер «МиА» атынан Асия Темирбековна Амандаулетова (Өнім беруші) арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №4 санды келісім Шарты түзілген. (әрі қарай - Шарт).

Шарт бойынша Өнім беруші Тапсырыс берушіге жүргізушісі бар жеңіл автокөліктерді жалға беру қызметтері (бөлім үшін жедел жәрдем 3 автокөлік) көрсетілу тиіс.

Шарттың қосымшасына сай Шарт бойынша қызметтерді көрсету мерзімдері 2025 жылғы 01 қаңтар және 31 желтоқсан аралығы деп белгіленген.

Техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес барлық талаптары, қызмет көрсету мерзімдері айқын көрсетілген.

Шарттың жалпы сомасы 6 993 360 теңге.

Талап қоюшы талабы жауапкер Шарт бойынша қызметтерді белгілінген мерзімде тиісті дәрежеде орындамағанымен негізделген.

Жауапкер қарсы пікірін Тапсырыс берушінің Шарт сомасын азайту туралы хабарламаны **7** күн қалғанда алғанын, оған ол өз жағынан Шарттағы жалпы сомасын қалдырып, сапалы қызмет көрсету, оның ішінде 2 жеңіл автокөлікті (жүргізушісімен) тұтынушының техникалық сипаттамаға сай сұраныстарын көрсете алатыны жөнінде ұсыныс жолдағанын, жауапкер өз тарапынан міндеттемелерін атқарып, 2025 жылы 4 шілдеге дейін Тапсырыс берушінің қызмет көрсеткенін, сонымен оның тарапынан Шарт бұзылмағанымен уәждеген.

Сот талқылауында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, оны жоғарыда көрсетілген негіздерімен толық қанағаттандыруды, аталған жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сот отырысында жауапкердің өкілі сотта талапты мойындамай, жазбаша қарсы пікіріндегі уәждерін қолдап, талап қоюды негізсіз болғандықтан қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай – АК) 268-бабының 1-тармағында міндеттемеге сәйкес бір адам (борышкер) басқа адамның (кредитордың) пайдасына жұмыс орындау, ақша төлеу және тағы да сол сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал кредитордың борышкерден өз міндеттерін орындауын талап етуге құқығы бар деп айқындалған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 24.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2025, судья Сейтжанұлы С., 14.11.2025

5265-25-3-1/2526

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Азаматтық іс құжаттардан анықталғандай, Шарттың 3.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық көлемде және тиісінше орындауын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Алайда, Өнім беруші 2025 жылдың 3, 5, мамыр және 17 күндері жұмысқа шықпай өз міндеттерін орындамаған, 16, 19 мамыр жартылай қызмет көрсетілген, бұл мән-жайлар Тапсырыс берушімен жасалған жазбаша Актілерге сай расталған. (3,5 және 19 мамырда түзілген актілері)

Сонымен, сот барысында жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны өз дәлелін тапқан.

Талап қоюшы өз кезегінде заңда көзделген мерзімдерде сотқа осы талап қоюымен жүгінген.

Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 63–68-баптарының нормалары бойынша,егер іс үшін маңызы бар және екінші тарап жоққа шығармаған мән-жайларды даусыз растайтын, іске қатысты жарамды және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

АПК-нің 72-бабында әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс деп белгілінген.

Сотта талап қоюшының талабы нақты және тиісті құжаттамалық дәлелдерімен толық расталды, ал жауапкер жақтың міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғаны жөнінде уәждері өз дәлелін тапқан жоқ.

Азаматтық кодексінің 359-бабының 1-тармағына сәйкес борышкер кінәсі болған кезде міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

АК-нің 272, 273-баптарына бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қорыта келе, сот жоғарыда анықталғандарды назарға алып, зерттелген дәлелдемелердің жиынтығына баға беріп, көрсетілген заң талаптарының негізінде, талап қоюшының талабын қанағаттандырып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 24.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2025, судья Сейтжанұлы С., 14.11.2025

Сот АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай іс бойынша төленуге жататын 1 996 теңге құрайтын мемлекеттік бажды жауапкерден мемлекеттің пайдасына өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Манғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Ақтау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Дара кәсіпкер «МиА» атынан Асия Темирбековна Амандаулетоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «МиА» атынан Асия Темирбековна Амандаулетова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «МиА» атынан Асия Темирбековна Амандаулетованан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403,404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 24.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2025, судья Сейтжанұлы С., 14.11.2025

5265-25-3-1/2526